

ӘОЖ 06.51.51

## ҚЫТАЙДЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУЫНДАҒЫ ХУАЦЯОЛАРДЫҢ РӨЛІ

**Мырзаш Әлия Манасқызы**

[m.aliya.m9@gmail.com](mailto:m.aliya.m9@gmail.com)

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Халықаралық қатынастар факультеті,  
Шығыстану мамандығының 3-курс студенті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
Ғылыми жетекшісі – PhD доктор, аға оқытушы Нуридденова А.Қ.

### *Kіріспе*

Қытай диаспорасы әлемдегі ең көп және жақсы ұйымдастырылған диаспоралардың бірі болып саналады. Отандастар - бай адамдар болғанын түсініп, бүгінгі Қытайдың экономикасына ақша жұмсауға болатынына көз жеткізді. Бүкіл әлем бойынша шамамен 50 млн. хуацяо бар және олардың шамамен 75% Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде шоғырланған. Бірнеше ғасырлар ішінде көптеген этникалық қытайлар өз отанынан аттанып өзге мемлекеттерде қоныстанды. Алайда қытай ұлты өздерін әрқашан бір отбасы деп санады. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Оңтүстік-Шығыс Азия елдерінде көшіп келушілерге қатысты ассимиляция саясаты жүргізілді, оның нәтижесінде хуацяо өзінің тұратын елдерінің азаматтығын алды. Қытайлықтардың ең ірі шетелдік диаспорасы қалыптасты.

ҚХР-да экономикалық реформа мен ашықтық саясатын жариялағаннан кейін шетелге шығатын қытайлықтар саны күрт өсті. Көшіп кетудің негізгі себептеріне жұмыс іздеу, бизнесті кеңейту, білім алу жатады.

Қытайлықтардың көшіп кетуінің негізгі бағыттары АҚШ, Канада, Австралия, Еуропа және Оңтүстік-Шығыс Азия елдері болды. Мысалы, 1980 жылдан бастап АҚШ-та Қытай иммигранттарының саны 800 мыңнан 3 миллионға дейін артты.

Әлемдік Қытай бизнесмендері VII жиналысының мәліметтері бойынша, қытайлықтардың шетелдік диаспорасының саны 41,06 млн адамды құрайды, оның ішінде 32,47 млн (жалпы санның 79%) Оңтүстік-Шығыс Азияның он еліне тиесілі, ал 3 млн-нан астам адам (7%) АҚШ-та тұрады [1].

#### *Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріндегі қытай диаспорасы*

Әлемдегі барлық хуацяодың 70%-ы Индонезия, Малайзия, Таиланд, Сингапур және Филиппинде тұрады. Индонезияда қытайлықтар халықтың 2,8%-ын құрайды, бірақ жеке капиталдың шамамен 75%-ын бақылайды. Таиландта қытайлық азшылық (халықтың 10%) жеке капиталдың 60% иеленеді және ұлттық экономиканың негізгі инвесторы болып табылады (инвестициялардың жалпы көлемінің 90%-ы). Сингапурда Қытай этносы басым болып табылады (77%) және хуацяо кәсіпорындары өнеркәсіптің жалпы өнімінің 30% - ын өндіреді. Филиппинде қытайлықтарға (халықтың 1,5%-ы) елдің барлық капиталдарының 45%-ы тиесілі. Малайзияда қытайлықтар (халықтың 32,1%-ы) активтердің 70%-ын иеленеді [2].

АҚШ-тың жалпы халық санағының мәліметтері бойынша, соңғы он жыл ішінде мұнда қытайлық иммигранттардың саны 50%-ға өсіп, 2,88 млн. адамға жетті. [3]. АҚШ-та тіркелген хуацяо кәсіпорындарының саны 252 577 болса, АҚШ-тың қытай диаспорасының әрбір оныншы өкілі – кәсіпкер.

Әлемдегі қытай диаспорасы экономикалық реформалардың бастауымен жаңа Қытайға еркін инвестициялауға болатынын түсініп, этникалық отандарын көмегін аямады. Соңғы бес ғасыр аралығында әртүрлі себептермен этникалық қытайлардың үлкен бөлігі Қытай аумағынан шығып, бүкіл әлем бойынша тарады. Эмиграция кезінде көптеген ұрпақ өзгергеніне қарамастан, қытайлықтардың патриоттық сезімдері сақталды, әсіресе ол дәстүрлі құндылықтарын ұстанушылар арасында берік болды.

Қытай диаспорасы өзінің этникалық отанының дамуына өз үлесін қосуға ат салысты. Олар көрсеткен қолдаулар:

- елдермен және халықаралық ұйымдармен достық байланыстар орнату және қолдау;
- инвестиция, озық техниканы енгізу, басқарушылық тәжірибе мен білімді беру;
- Қытайдың экономикалық дамуын ынталандыру;
- қытай тауарларын халықаралық нарықтарға жылжытуды жеделдету.

Реформалар басталғаннан және ашықтық саясатын жариялағаннан кейін ҚХР мемлекеттік құрылымдарының шетелдік қытай диаспорасымен өзара іс-қимылы неғұрлым жоғары сандық және сапалық деңгейге көшті. Оған қоса Бүкілқытайлық ремигранттар қауымдастығы (БРҚ) ҚКП ОК және шетелдік қытайлықтар істері жөніндегі мемлекеттік Кеңес кеңсесінің басшылығымен жұмыс істейді және шетелдік қытайлықтар мен орталық үкімет, ҚХР жергілікті билік органдары (қауымдастықтың жергілікті бөлімшелері арқылы) арасындағы байланыстырушы буын болып табылады. Бұл қауымдастық шетелдік қытайлықтардың құқықтары мен мүдделерін қорғайды, олардың жағдайын зерттейді, заңнамалық және атқарушы билікті хабардар етеді, заңнама мен заңға тәуелді актілерде өзгерістер ұсынады.

Этникалық қытайлықтардың дүниежүзілік федерациясы (World Huaren Federation, 1998 ж. құрылған) шетелдік қытайлықтардың өсіп-өркендеуіне ықпал етіп, оларға тең құқықты қарым-қатынас үшін күрес, теріс стереотиптерді жеңу, Қытай қауымының өкілдерінің өзін-өзі құрметтеуге, өзіндік қадір-қасиетінің сезіміне тәрбиелеу мақсатын қояды. Сонымен бірге, «E-magazine Forthe Globe Chinese Community» интернет-журналын шығарады.

Шетелдердегі Қытай диаспорасы істерімен Бүкілқытайлық өнеркәсіпшілер мен саудагерлер қауымдастығы, Қытай шетелдік байланыстар қауымдастығы, Тайвань отандастарынан оралған Бүкілқытайлық Федерация (1981 ж. құрылған), Еуропа мен АҚШ-та оқыған қоғам (1913 ж. құрылған), Вьетнамнан, Камбоджа мен Лаостан шыққан этникалық қытайлықтардың қоғамдық ұйымдарының Қауымдастығы (1983 ж. құрылған) және басқа да бірқатар ҰЕҰ (үкіметтік емес ұйымдар) айналысады. Ірі жаһандық және өңірлік ҰЕҰ-дан басқа жерде шағын қоғамдық ұйымдар құрылуда.

Хуацяолар туралы Дэн Сяопиннің айтуынша, «Қытай қарқынды даму үшін біршама мүмкіндік алды және ол әлемнің басқа елдерінен ондаған миллион патриоттық отандастарының болуымен ерекшеленді». Сонымен қатар, 2000 ж. Қытайда шетелдік қытайлықтар туралы кітап жарық көрді [4]. Осы кітап бойынша Дэн Сяопиннің пікірі Қытай азаматтығы бар эмигранттардың тарихи миссиясын атқара отырып, біртұтас ұлы қытай ұлтының бір бөлігін құрайтынын және: «құрлықтағы, Тайвандағы, Гонконгтегі және Макаодағы отандастар, сондай-ақ теңіз маңындағы хуацяо - олардың барлығы қытай ұлтының ұлдары мен немерелері. Біз бірге күресуіміз керек, Отан мен ұлттың бірігуіне қол жеткізуіміз керек». «... Қытай туралы айтатын болсақ, айтарлықтай даму мүмкіндіктері көп емес. Алайда, әлемнің басқа елдерінен айырмашылығы оның ерекше мүмкіндіктері бар. Мысалы, бізде теңіздің арғы бетінде бірнеше ондаған миллион отандасымыз бар, олар елдің дамуына үлкен үлес қосты» деген сипатта болды [4].

#### *Хуацяолардың Қытай экономикасына инвестиция құюы*

Қытайдың шетелдік диаспорасының құнды қасиеттері бар [5]. Бүкіл Қытайлық Қытайдық халықтық саяси консультативті кеңесінің бұрынғы төрағасы Ли Жуйхуань хуацяолардың негізгі қасиеттерін атап өтті [6]. Олар:

- қойылған мақсаттарға қарай жұмыс істеу қабілеті;
- тұратын елдің заңдары мен дәстүрлерін сақтау;
- жерлестердің бірлігі мен өзара қолдауы;
- өз шығу тегін есте сақтау;
- Қытайдың өркендеуіне жәрдемдесу.

Экономикалық реформалар мен ашықтық саясатын іске асыру басталғаннан бері хуацяо мен қытайлықтардың шетелдік диаспорасымен экономикалық байланыстар, әсіресе капитал тарту саласында сапалы жаңа деңгейге көшті.

Хуацяо мен ҚХР арасындағы өзара әрекет нәтижесінде Қытайға капитал тарту екі кезеңмен жүргізілді. Бірінші кезең, ұзақтығы он жылға жуық, реформаға дейінгі кезеңнің ауыр идеялық ауыртпалығы аясында, идеологиялық пайымдаулар бойынша инвестиция көздерін таңдау тақырыбына өткір пікірталастар жағдайында орын алғанымен сипатталады. Бұл кезеңде Гонконг, Макао және Тайвань капиталдары тартылды. Оның үстіне инвестиция хуацяолардың шыққан жерлері – Чжецзян, Фуцзян және Гуандун аймақтарында шоғырланған. Осы себептен оңтүстік-шығыс провинциялардың, әсіресе Гуандунның экономикалық даму деңгейі ел бойынша орташа деңгейден тез асып түсті.

Екінші кезеңде негізгі инвестициялық субъект ТҰК (трансұлттық корпорациялар) болды. Осы кезеңде реформаны тереңдету, экономикалық даму қарқынын жеделдету, инфрақұрылым мен заңнаманы жетілдіру негізінде инвесторлар үшін бәсекелестік орта құру мүмкін болды, соның нәтижесінде инвестициялардың өңірлік және салалық құрылымын түзету мүмкіндігі пайда болды. «Қандастар» факторы негізінде құрылған экономикалық байланыстар экономикалық мүдделер жетекші рөл атқаратын өзара тиімді симбиозға айналды. Азиядағы қаржы дағдарысына дейін хуацяо инвестицияларының көлемі жоғары қарқынмен артты. 1979 жылдан 1994 жылға дейін хуацяо инвестицияларының көлемі 4,8 млрд.долл. құрады, яғни ол тартылған шетелдік капиталдың жалпы сомасының 5,04%. 1995 жылдан бастап 1999 жылға дейін хуацяо және қытайлықтардың шетелдік диаспорасының капиталдары тек оңтүстік-шығыс Азия елдерінен 2,62-ден 3,29 млрд. дол. өсті [7].

Ашықтық саясатын жүргізу жағдайында жаңа хуацяо саны тез өсіп келеді. Жаңа хуацяолар өзінің тұратын жері ретінде әдетте дамыған елдерді таңдайды. Олар: АҚШ,

Канада, Австралия және БЭЖ. Қытайдан шыққан жаңа эмигранттардың жалпы ерекшеліктері:

- ғылыми-техникалық қызметкерлердің үлесін ұлғайту;
- ұйымшылдықтың өсуі және қоғамда, экономика мен саясатта ұстанымдарының күшеюі;
- қытай тілі мен қытай мәдениетін әлемге танымал ету.

Қытайдың арнайы экономикалық аймақтары (АЭА) — материктік Қытайда орналасқан ерекше экономикалық аймақтар. Қытай Үкіметі АЭА-ға еркін нарығын, ерекше экономикалық саясатын және икемді үкіметтік шараларын ұсынады. Бұл АЭА шетелдік және отандық компаниялар үшін тартымды басқарудың экономикалық жүйелерін пайдалануға мүмкіндік береді. «...Сыртқы және ішкі сауда және инвестициялау Пекинде Қытай Орталық үкіметінің рұқсатынсыз жүргізіледі» [8]. АЭА «шетелдік инвестициялар мен технологияларды тарту үшін салықтық және басқа да жеңілдіктер» ұсынады.

Қазіргі уақытта, ҚХР ішкі экономикалық жағдайы үшін Қытай диаспорасымен барынша тиімді өзара серіктестік ұйымдастыра алды. 1979 ж. - 2003 ж. шетел инвестицияларының жалпы сомасы 828,06 млрд. долларды құрады [9]. Соңғы жылдары Қытай ДСҰ-ға мүше болып, әлемдік экономикада берік позицияға ие болған кезде Қытайға бағытталған шетелдік инвестициялар ағыны күрт өсті, оның үстіне этникалық қытайлықтардың үлесіне (Гонконг, Макао және Тайвань іскер топтарымен бірге) ҚХР экономикасына шетелдік инвестициялардың ең үлкен бөлігі - 80%-дан астамы келеді [10]. Ең көп инвестициялар Қытайға ірі қытай қоғамдастықтары тұратын оңтүстік-шығыс Азиядағы (Гонконг, Макао, Тайвань, Жапония, Филиппин, Таиланд, Малайзия, Сингапур, Индонезия және Оңтүстік Корея) он елден келіп түседі. 2011 жылғы 19 қазанда ҚХР сауда министрлігі Инвестициялар туралы деректерді жариялады. Нәтижесі бойынша бұл 2010 жылмен салыстырғанда 16,6% - ға көп [11]. ҚХР сауда министрлігінің өкілі мәлімдегендей, 2011 жылдың қаңтар - қыркүйегінде Қытайда шетел капиталының қатысуымен 20,4 мың кәсіпорын құрылды, бұл 2010 жылдың сәйкес кезеңіне қарағанда 6,24% - ға артық.

Қытайлықтар «екі елде бизнес құру» нормасына айналған «қос өмір» салтын жүргізуде. Олардың қатысуымен жүргізілген реформалар жылдарында, ҚХР аумағында жүздеген мың кәсіпорын құрылды.

2017 жылы 3 наурызда, Қытай ұлттық саяси консультативтік конференцияның 12-ші сессиясының ашылуына дейін Қытай диаспорасы істері жөніндегі мемлекеттік кеңестің директоры Кю Хай Пин «министрлік арнасы» үлкен залында БАҚ-қа арналған сұхбатта, егер біз «Бір белдеу және бір жол» атты көпірлік қарым-қатынас құра алатын болсақ, шетелде тұратын 40 миллионнан астам қытайлықтар Қытайдың экономикалық дамуына көмектесе алатынын айтты. Олардың кейбірі мықты экономикалық қуатты, халықаралық іскерлік ортамен таныс, кең байланыс пен бай зияткерлік ресурстарға ие. Егер біз жақсы байланыс құра алатын болсақ, олар "Бір белдеу және бір жол" құрылысында маңызды рөл атқара алады [12].

Қытай тәжірибесі диаспорамен өзара іс-қимылды әрекетті дамыту - бұл онжылдықтағы ұзақ процесс үдеріс екенін көрсетеді. Оның табыстылығы көбінесе экономикалық ынталандыруға ғана емес, сондай-ақ ұлттық мәдениетті сақтауға, тарихи отанымен өзара тиімді ынтымақтастықты кеңейтуге бағытталған отандастармен дұрыс қалыптасқан жұмыс жүйесіне байланысты.

1992 жылдан бастап Мемлекеттік Кеңес бірқатар шекаралық қалаларды, сондай-ақ ішкі провинциялар мен автономды аудандардың барлық қалаларын ашты. Бұдан басқа, ірі және орта қалаларда 15 еркін сауда аймағы, мемлекеттік деңгейдегі экономикалық және технологиялық дамудың 32 аймағы, 53 жаңа жоғары технологиялық өнеркәсіптік даму аймағы құрылды.

#### *Қорытынды*

Қытай реформа жолына тұрған кезде оның басты серіктестері мен инвесторлары хуацяолар болды. Олар өз ата-бабаларының еліне АҚШ-қа, Батыс Еуропа елдеріне және

Жапонияға қарағанда көбірек капитал салды. 2005 жылдың соңына дейін Қытайда 550 мың шетелдік кәсіпорын құрылды, нақты пайдаланылған шетелдік капиталдың көлемі 670 млрд. АҚШ дол. жетті. Хуацяо және Гонконг, Макао отандастарының капиталы бар кәсіпорындардың жалпы санының 70% - ын, ал нақты пайдаланылған инвестициялар көлемі шетелдік капиталдың 60% - ын құрады. Ең бастысы: қытайлық ол қай жерде болса да қытай болып қалады. Елдегі қытай диаспорасының болуы - Аспан асты мемлекетімен тұрақты экономикалық байланыстың кепілі. Ал әлем картасында заманауи қазіргі Қытаймен ынтымақтастық тиімді болмайтын ел жоқ.

### Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Яо Динкан. История хуацяо.
2. Новые особенности в экономике хуацяо и диаспоры китайцев в странах ЮВА в конце XX века.
3. Общая ситуация с хуацяо в США. <http://www.chinaql.org>.
4. Дэн Сяопин. О работе с эмигрантами / Канцелярия Госсовета по работе с эмигрантами; Кабинет по изучению документов ЦК КПК. Пекин : Изд-во документов ЦК КПК, 2000.
5. Ларин А. Г. Роль китайской диаспоры в развитии экономики Китая // Российский внешнеэкономический вестник. 2006. № 12 (февр.).
6. <http://www.chinataiwan.org>.
7. Ли Хунцзе. Рассуждения о роли хуацяо и зарубежной диаспоры китайцев в экономическом развитии общества.
8. Special Economic Zone (SEZ) - Chinese economics. <https://www.britannica.com/topic/special-economic-zone>
2. Ван Инь. Китай после вступления в ВТО. // Промышленные ведомости. <http://www.promved.ru/articles/article.phtml?id=681&nomer=26>
3. Гурьев Л. Китай □ понаехавшие обратно // <http://www.russ.ru/Mirovaya-povestka/Kitaj-ponaehavshie-obratno>
4. За первые 9 месяцев с.г. в Китае объем прямых иностранных инвестиций вырос на 16,6 %. //Министерство торговли КНР. [http://russian.china.org.cn/news/txt/2011-10/20/content\\_23675166.htm](http://russian.china.org.cn/news/txt/2011-10/20/content_23675166.htm)
5. 【两会聚焦】 裘援平：一带一路沿线国家华侨也可以助力经济发展 (国际金融报两会特派记者 王丽颖) 2017年03月04日 <http://finance.sina.com.cn/roll/2017-03-04/doc-ifyazwha3764499.shtml>